

Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы XXVIII сессиясының № 219 "Жәйрем кентінің аумағында көшенің, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы VIII сессиясының № 73 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 қаңтарда № 4130 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 82 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының 24.12.2021 № 82 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қаражал қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы XXVIII сессиясының № 219 "Жәйрем кентінің аумағында көшенің, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2623 нөмірімен тіркелген, 2014 жылы 12 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2014 жылғы 6 мамырдағы № 20 (692) "Қазыналы өңір" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін: көрсетілген шешіммен бекітілген Жәйрем кентінің аумағында көшенің, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларында:

12 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"12. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны "Жәйрем поселкесі Әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесіне береді .".

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*VIII сессияның төрағасы
Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*Т. Қасымов
З. Оспанова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК